



2

Елуден астам өтініш қаралды



4

Өңірлік орталық қолдаған жобалар



Сыр бойы

№175 (21051) 18 қараша, сейсенбі 2025 жыл

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

www.facebook.com/syrboyi.kz

www.instagram.com/syrboyi_kz

t.me/syrboyi_kz

twitter.com/syrboyi

/// ПРЕЗИДЕНТ

ҚАЗАҚСТАН-ЭСТОНИЯ: ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫҢ ЖАҢА ДЕҢГЕЙІ



Кеше Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанға мемлекеттік сапармен келген Эстония Президенті Алар Кариске ілтипат білдірді. Жоғары деңгейдегі келіссөздер Ақордада салтанатты қарсы алу рәсімінен басталды. Тараптар бір-біріне ресми делегация мүшелерін таныстырды. Құрмет қарауылы ротасының бастығы мемлекеттер басшыларына рапорт берді. Бұдан кейін екі елдің әнұрандары шырқалды.

– Президент мырза, Сізді елімізде мемлекеттік сапармен қарсы алғанға қуаныштымын. Эстония – Қазақстанның маңызды стратегиялық серіктестерінің бірі. Біз эстон

халқының тарихына, дәстүріне және мәдениетіне құрметпен қараймыз. Екі елдің қарым-қатынасы қарқынды дамып келеді. Мемлекеттеріміз арасында түйткілді мәселе жоқ. Дегенмен өзара

ынтымақтастығымыздың әлеуеті зор. Оны ілгерілету беруіміз керек. Сіздің бұл сапарыңыз екіжақты ықпалдастығымыз бен достық байланыстарымызға тың серпін береді деп сенемін. Сауда саласында түрлі кедергілер бар екенін білеміз. Бірақ бұл бағыттағы бірлескен жұмыс алға жылжып келеді. Қазақстан Эстонияның теңіз порттарын пайдалануға, сауда-саттық көлемін арттыруға ниетті.

2-бет

/// ИГІЛІК

ШАҒАН АУЫЛЫНА ДА ТАБИҒИ ГАЗ БЕРІЛДІ

Кеше облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Сырдария ауданының Шаған ауылына табиғи газ қосу рәсіміне қатысты. Салтанатты басқосуға құқық қорғау органдарының, жауапты департамент, басқармалардың басшылары, зиялы қауым өкілдері мен ауыл тұрғындары жиналды.



Аймақ басшысы өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуындағы жетістіктерді атап өтіп, шағандықтарды құттықтады. – Жақында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Сыр өңіріне арнайы жұмыс сапарымен келгенде әлеуметтік нысандар мен өндіріс орындарында болды. Сапар кезінде Сыр өңірінің әлеуметтік-экономикалық дамуы, инвестициялық жобаларды жүзеге асыру барысын баяндадым.

Президент Астана мен Алматы қалаларындағыдай тәулік бойы қызмет көрсететін үшінші Президенттік кітапхана Қызылордада ашылғандығын жеткізді. Бұл бастаманы жерлеріміз зор қуанышпен қабылдауда. Мемлекет басшысы алға қойған жоспарларды уақытылы әрі сапалы іске асырудың маңызын

атап өтті. Аймақта инвестициялық климатты жақсарту, бизнес жүргізу үшін қолайлы жағдай жасау бағытындағы жұмыстарды жалғастыруды тапсырды. Сыр өңірінің даму қарқынына, атқарылған жұмыстарға берген оң бағасы бөріміз үшін зор мәртебе.

Биыл өңіріміздің негізгі макро-экономикалық көрсеткіштерінің өсімі қамтамасыз етілді. Жалпы өңірлік өнім көлемі 3 трлн теңгеден асады. Соңғы үш жылда өңір экономикасына 1 триллион 600 млрд теңге күйілсе, осы жылы 720 млрд теңгеден астам инвестиция тартылды. 2025-2028 жылдары 2 трлн теңгеден астам қаржыға 90 инвестициялық жоба жүзеге асырылып, 11 мыңнан аса жаңа жұмыс орны ашылады.

2-бет

БҰҚАРАЛЫҚ СПОРТТЫҢ БҮГІНГІ ТЫНЫСЫ

Кеше өңірлік коммуникациялар қызметінде ҚР Туризм және спорт министрінің орынбасары Бауыржан Рапиқов өңірге келген жұмыс сапары жөнінде пікір бөлісті. Сондай-ақ брифинг барысында ҚР Туризм және спорт министрлігі Спорт және денешынықтыру істері комитеті төрағасының орынбасары Аманбай Нұрмұханбетов, облыстық денешынықтыру, спорт және туризм басқармасының басшысы Бақтияр Артаев салада атқарылған іс-шаралар жөнінде айтты.

– Қазіргі таңда спортпен және денешынықтырумен шұғылдана отыратын саны 8,4 млн адамды құрайды. Ол халықтың 41,4 пайызға жуығын қамтып отыр. Бұл көрсеткіш Қызылорда облысында 42 пайызды шамалайды немесе 356 мың адам бұқаралық спортпен айналысады. Негізгі мақсаттың бірі – инфрақұрылымды дамыту арқылы халықтың спортқа қолжетімділігін арттыру, – деді министрдің орынбасары.

Биыл елімізде сала бойынша көптеген өзгеріс бар. Атап айтқанда, «Денешынықтыру және спорт мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң күшіне енді. Сондай-ақ басқару вертикалін қалпына келтіру мақсатында өңірлік спорт басқармаларының басшыларын тағайындау тәртібі өзгерді. Оларды тағайындау министрлік жанынан құрылған комиссияның келісімімен жүзеге асырылуда.

– Денешынықтыру мен спорттың цифрлық платформасын (E-Sport) іске асыруда министрлік пилоттық режим жүйесінің 3 модулін іске қосуда. Жүйені толық енгізу 2026 жылға жоспарланған. Сыр өңірінде инфрақұрылымды дамыту арқылы халықтың спортқа қолжетімділігін арттыру бағытында нәтижелі жұмыстар атқарылуда. Жақында Қызылорда қаласында 11 мың көрерменге арналған, УЕФА талаптарына сай, заманауи жабыны бар стадион пайдалануға берілді. Сыр өңірінде III Интернационал, Дүр Онгар, Жаксықылыш, Бесарық, Ақай ауылдары мен Жалағаш кентінде спорт кешендері пайдалануға берілді. Сондай-ақ Аққыр және Досбол датқа ауылдарында спорттық залдар салынды, – деді Бауыржан Серікбайұлы.

Елімізде туристік саланы дамыту бойынша нақты іс-шаралар қолға алынған. Оның айқын көрінісі облыс өмірінен де байқалып отыр. Биыл бірінші жартыжылдықта өңірде туристік қызмет көрсету көлемі 1,5 млрд теңгені құрап, өткен жылмен салыстырғанда 66,3 пайызға артты.

Әділжан ҰМБЕТ,
«Сыр бойы»

/// ДЕНСАУЛЫҚ

МЕДИЦИНАЛЫҚ КӨМЕКТІҢ ҚОЛЖЕТІМДІЛІГІ БӘРІНЕН МАҢЫЗДЫ

Елімізде денсаулық сақтау саласы тұрғындардың саулығын қорғауда, медициналық көмектің сапасын жақсартуда, қолжетімділігін арттыруда үздіксіз реформалар енгізіп, жаңашылдыққа ұмытылып келеді. Жуырда Денсаулық сақтау министрлігі «Әлеуметтік маңызы бар аурулардың тізімін бекіту туралы» бұйрыққа өзгеріс енгізді. Онда қант диабеті, балалар церебралды сал ауруы (ДЦП), ревматизм диагноздары әлеуметтік маңызы бар аурулардың тізімінен алып тасталғаны айтылды. Сол-ақ екен әлеуметтік желіде аталған аурулары бар пациенттер медициналық көмектен қағылып, дәрі-дәрмек ала алмайды деген ақпарат тарайды. Алайда Денсаулық сақтау министрлігі бұл ақпарат шындыққа жанаспайтынын мәлім етті.

Министрлік әлеуметтік мәні бар және созылмалы ауруы бар пациенттерге медициналық көмектің көлемі мен сапасы бойынша кепілдіктер толық көлемде сақталатынына сендіреді.

ЖАҢАРҒАН ТІЗБЕ

Ведомствоның мәліметінше, жаңартылған тізбеге 11 нозология кіреді, олар бойынша медициналық көмекпен және дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі (ТМККК) шеңберінде пациенттің сақталуына мәртебесіне қарамастан ұсынылады.

Атап айтқанда, ТМККК паке-

тінде туберкулез, АИТВ инфекциясы, созылмалы вирустық гепатиттер және бауыр цирроздары, катерлі ісіктер, психикалық және мінез-құлық бұзылыстары, орфандық аурулар, жіті миокард инфарктісі (алғашқы 6 ай), нерв жүйесінің дегенеративті аурулары, ОНЖ демиелинизациялық аурулары, эпилепсия, цереброваскулярлық аурулар (инсульттан кейінгі жағдай – бір жыл бойы) қала береді.

2-бет

БАСПАСӨЗ –
2026

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

2026 ЖЫЛДЫҢ БІРІНШІ ЖАРТЫЖЫЛДЫҒЫНА ГАЗЕТКЕ ЖАЗЫЛУ ЖҮРГІЗІЛУДЕ

«Сыр бойы»
газетіне
жазылу бағасы
жекелер үшін:
6 айға –
5000 теңге



САНТЕХНИКАНЫҢ СЫРЫН БІЛГЕН



Сұранысы жоғары мамандықты меңгергеніне он жылдан асқан. Бұл салаға келуіне марқұм әкесінің ұсталығы әсер етсе керек-ті. Өйткені әкесінің темір-терсекпен жұмыс істеп отырған бейнесі әлі күнге дейін көз алдында. Кішкентай кезінен бұзылған заттарды жөндеп, су ағатын қранға қарап, оның құрылысын зерттеуді ұнататын. Сондықтан да болар, сантехник болуды мақсат етті. Жақын туыстың, таныстың үйінде құбыр жарылып не кәріз жүйесінен ақау шықса Бекболатты іздейтіндер көбейген. Өйткені ол техниканың тілін біледі, ақауды тез қалпына келтіре қояды. Жұмысына мығым, әріптестерінің ортасында да сыйлы.

– Сантехниктің жұмысы жоғары дәлдік пен ұқыптылықты талап етеді. Құбырларды өлшеп, кесіп, оны қайта жалғап, қажетті жабдықтарды орнатып, ақауды анықтау – біздің күнделікті үйреншікті жұмысымыз. Көпшілік жұмысы аз, табысы көп мамандық деп ойлайды. Керісінше, кейде өз өмірімізге де қауіп төнетін жағдайлар болады. Бірнеше метр тереңдікке түсіп, кәріз жүйелерін жалғау оңай емес. Бастысы, жұмысымыз өзіме ұнайды, табысымыз отбасымызды асырауға жетеді, – дейді ол.

Қай істі де сапалы жасаса, мол табыс әкелетінін білетін Бекболат өзін әрқашан жетілдіріп, жаңа шыққан техникаларды

Бала кезден түрлі техникаға қызығып өскен Бекболат Мықтыбаев – бүгінде қолы алтын, шебер маман. Ол қаладағы М.Саламатов атындағы Қызылорда қызмет көрсету және сервис колледжінде білім алып, бүгінде «Арай аквапарк» кешенінде сантехник болып жұмыс істейді.



зерттеумен айналысқанды ұнатады. Себебі, заманауи құрал-жабдықтар күн сайын өзгеруде. Оның тілін тез меңгеру адамдарға жайлылық сыйлау үшін де қажет.

Расымен үйімізде су, жылу немесе кәріз жүйесі дұрыс істемесе әбігерге түсеміз. Ал сантехник – сол олқылықты тез-ақ ретке келтіріп, бізге қолайлы жағдай жасайтын нағыз еңбектің адамы.

Айсәуле ҚАРАПАЕВА,
«Сыр бойы»

Валюта бағамы: \$ 522,19 kzt € 606,42 kzt ₸ 6,47 kzt

Ауа райы: Сейсенбі ☀️ +12° 🌙 +2° | Сәрсенбі ☀️ +12° 🌙 0°

ҚАЗАҚСТАН-ЭСТОНИЯ: ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫҢ ЖАҢА ДЕҢГЕЙІ

Сондай-ақ халықаралық ұйымдар аясындағы, соның ішінде Біріккен Ұлттар Ұйымы, БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесі және басқа да құрылымдар шеңберіндегі сындарлы ықпалдастықты өрістетуге мүдделіміз. Осы сапардың нәтижесінде мәдени байланыстарымыз да өркендей түседі деп үміттенемін, – деді Қазақстан Президенті.

Алар Карис Қасым-Жомарт Тоқаевқа қазақ жерінде көрсеткен ықыласы үшін алғыс айтты.

– Біздің қарым-қатынасымыз өте жақсы деңгейде. Әлбетте, кейбір келерліктер бар, бірақ оны еңсеруге болады. Кейде біз түйткілдердің онай шешілетінін аңғара бермейміз. Бизнес өкілдері қазірдің өзінде іскерлік қатынастар мәселесін талқылап жатыр. Бірнеше кездесу жоспарланған. Өзара түсіністік туралы меморандумдарға қол қойылмақ, бірқатар бастамаларды іске асыратын боламыз. Сондықтан келешегіміз жарқын екеніне сенімдімін. Жаңа байланыстарымыз өзара ынтымақтастығымызды нығайтуға көмектеседі деп үміттенемін. Өрине, әлемдегі геосаяси ахуал тұрақсыз болып тұр. Дегенмен барлық проблеманы бірлесіп шешуіміз керек. Сіз БҰҰ туралы айттыңыз. Бұл – өте маңызды ұйым. Әлемде қақтығыстар мен соғыстар мейлінше аз болуы үшін ұйымға біршама реформа жасау қажет, – деді Эстония Президенті.

Кездесу барысында мемлекеттер басшылары экономикалық ықпалдастықтың басым бағыттарын талқылады. Атап айтқанда, тараптар сауда-инвестиция, цифрландыру, жасанды интеллект, көлік-логистика, өнеркәсіп кооперациясы, ауыл шаруашылығы, аса маңызды минералдар және білім-ғылым салаларындағы ынтымақтастық мәселелерін қарастырды.

Қасым-Жомарт Тоқаев Эстония Қазақстанның Еуропа Одағындағы сенімді серіктесі екеніне назар аударды.

– Бұл сапар екі мемлекет арасындағы өзара тиімді әріптестіктің жаңа кезеңіне жол ашады. Елімізді Балтық өңіріндегі, сондай-ақ Еуропа Одағындағы өте маңызды серіктес ретінде қарастырамыз. Эстония инновациялық және өркендеген мемлекет құру жолында таңғаларлық табысқа жетті. Сіздің еліңіз цифрлық жүйеге негізделген мемлекет, үкімет және қоғам құру ісінде көш бастап тұр. Сондай-ақ ашықтықты қамтамасыз ету, азаматтарды ел басқару ісіне тарту бойынша көпке үлгі. Біз Эстонияның зан мен тәртіп қағидатын ұстануға, білім беру деңгейін арттыруға және орнықты дамуға бейілділігін жоғары бағалаймыз, – деді Қазақстан Президенті.

Мемлекет басшысы екіжақты ықпалдастықтың оң қарқынын дамып келе жатқанына тоқталып, Қазақстан мен Эстония барлық бағыт бойынша жан-жақты байланыс орнатқанын жеткізді. Екі ел арасындағы саяси диалог ашық

әрі сындарлы сипатта өрбіп, өзара түсіністікті нығайтуда парламентаралық ынтымақтастық маңызды рөл атқарып отыр.

Президенттің айтуынша, Қазақстан мен Эстония халықаралық ұйымдар аясындағы ықпалдастықты жолға қойған. Негізгі өңірлік және жаһандық мәселелерде, соның ішінде бейбітшілікті, тұрақтылық пен орнықты дамуды қамтамасыз етуде ұстанымдары ұқсас.

Кездесуде өзара қарым-қатынастың маңызды бағыттарының бірі саналатын экономикалық ынтымақтастыққа баса мән берілді.

Президент Эстонияның 2005 жылдан бері Қазақстан экономикасына құйған тікелей инвестициясы 128 миллион доллардан асқанын атап өтті. Қазір елімізде 80-нен астам эстониялық компания логистика (CF&S Kazakhstan LLP), пошта қызметтері (Omniva) және цифрлық сервис (Bolt) салаларында табысты жұмыс істеп жатыр.

Мемлекет басшысының пікірінше, Эстониядан үлкен бизнес-делегацияның келуі Таллиннің серіктестік аясын одан әрі кеңейту ниетін танытады. Қазақстан эстониялық компанияларға жан-жақты қолдау көрсетуге дайын.

Қасым-Жомарт Тоқаев мәдени-гуманитарлық байланысты тереңдету Қазақстан мен Эстония арасындағы достықты нығайтуға тың серпін береді деп санайды. Президент ғылым-білім саласы екіжақты ынтымақтастықтың ең перспективті бағыты болып қала беретінін айтты.

Алар Карис Қазақстанды Эстонияның Орталық Азиядағы ең маңызды экономикалық серіктесі деп атады.

– Эстония Қазақстан мен Еуропа Одағы нарықтары арасында қуана-қуана дәнекер болады. Эстония бизнес өкілдері Сіз атап өткен транзит және логистика саласынан бөлек, Қазақстанның басқа да секторларына инвестиция салуға әзір. Бизнес-делегациямыздың құрамында 40 компания бар. Олар логистика, транзит, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, киберқауіпсіздік, сондай-ақ білім және ғылым салаларында қызмет көрсетеді. Еуропа Одағының мүшесі ретінде Эстония Орталық Азияның, оның ішінде аймақта көш бастап тұрған Қазақстанның ЕО-мен стратегиялық серіктеске айналғанына қуанады. Атап айтқанда, ЕуроОдақ Global Gateway жобасы аясында көлік және өнералық байланыс саласындағы қатынастарды нығайтуға ниетті, – деді Эстония Президенті.

Кездесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев елімізге сапармен келгені үшін Алар Кариске ризашылығын білдіріп, бүгінгі кездесуді шынайы достықтың нышаны әрі өзара ынтымақтастықты тереңдетудің мүмкіндігі ретінде қарастыратынын мәлімдеді.

Келіссөз қорытындысы бойынша Қазақстан мен Эстония президенттері Бірлескен мәлімдеме қабылдады.

ШАҒАН АУЫЛЫНА ДА ТАБИҒИ ГАЗ БЕРІЛДІ



Суреттері: Түсірген Бағдат Есжанов

Мемлекет басшысының, Үкіметтің ерекше қолдауымен облысымыздың бюджеті 851 млрд 300 млн теңгеге жетіп, 2022 жылдан бері 233 пайызға өсті. Оның 56 пайызы әлеуметтік салаға бағытталды.

Барышанды Шаған ауылына табиғи газдың қосылуымен құттықтаймын! Бұл – бәрімізге ортақ қуаныш. «Көгілдір отын» тұрмыс-тіршілігіміздің тынысын ашып,

отбасының жылуын, Отанымыздың қуатын арттыра берсін! – деді облыс әкімі.

Жиында ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына тынымсыз еңбегімен үлес қосқан ардагерлер мен газдандыру жұмыстарын жүргізген мердігер мекеме қызметкерлері облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды. Қоғам қайраткері Әріп Хожбаенов жиналған қауымға бата берді.

/// ҚАБЫЛДАУ

ЕЛУДЕН АСТАМ ӨТІНІШ ҚАРАЛДЫ

Кеше сондай-ақ, облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Сырдария ауданына сапарында Тереңөзек кентіндегі «Руханият орталығында» құқық қорғау органдарының бірінші басшыларымен бірге тұрғындарды жеке мәселелері бойынша қабылдады.

Халықпен кездесудің осындай форматы жұртшылыққа тиімділігін айқындап келеді. «Азаматтардың барлық сындарлы өтініш-тілектерін жедел әрі тиімді қарастыратын «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын іске асыру – бәрімізге ортақ міндет.

Билік пен қоғам арасында тұрақты диалог орнату арқылы ғана қазіргі геосаяси ахуалға бейімделген үйлесімді мемлекет қалыптастыруға болады» деп атап өткен болатын Мемлекет басшысы халыққа арнаған Жолдауында.

Қабылдауға келгендердің басым бөлігі тұрғын үй, жұмыспен қамту және жер үлесі мәселелерін көтерді.

Тереңөзек кентінің тұрғыны баласын тұрақты жұмысқа орналастыру жайын қозғаса, зейнеткер Қызылорда қаласынан тұрғын үй беруді сұрады. Ал Қалжан ахун ауылының тұрғыны құқық қорғау

органдарының шешіміне келіспейтінін жеткізді.

Облыс әкімі әрбір мәселені сала мамандарымен бірге мұқият зерделеп, заңдылығына қарай шешім қабылданатынын айтты. Тұрғындардың сұрақтары бойынша жауапты басшыларға нақты тапсырма берді. Құқық қорғау органдарының басшыларына өз мәселесін жеткізген сырдариялықтар заң аясында тиісті түсіндірме алды.

Ашықтық қағидасына негізделген қабылдауда жалпы саны 50-ден астам азаматтың өтініші қаралды. Ал облыс әкіміне 20-ға жуық тұрғын өз сұрақтарымен келді.

Қабылдаудан кейін облыс әкімі «Руханият орталығына» жиналған аудан ардагерлерімен кездесіп, өңірдің әлеуметтік-экономикалық даму бағытындағы маңызды мәселелерді талқылады.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі

/// ДЕПУТАТ МІНБЕРІ

МАҚСАТ САЙЛАУШЫЛАР МҮДДЕСІНЕН ТУЫНДАЙДЫ



Көпшіліктің мұң-мұқтажын тындап, оны атқарушы органдарға жеткізіп, мәселенің оң шешілуіне ықпал етіп жүрген жергілікті депутаттар баршылық.

Соның бірі облыстық мәслихаттағы «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі, экология, өндіріс шаруашылық және кәсіпкерлікті дамыту мәселелері жөніндегі тұрақты комиссия мүшесі Нұрлан Имандосовпен аз-көм әңгімелескен едік.

– *Қай заманда да адамды адам еткен еңбек десек, сол еңбектің арқасында өз кәсібін жолға қойған жандар жетерлік. Ал енді, кәсіпті жасапай бастаймын билікке жеткізу. Кейде мәселе беріліп жатқан мүмкіндіктер көбейіп келеді. Өзіңіз өңірдегі кәсіпкерлікті дамыту мен өндіріс саласына қатысты комиссия мүшесісіз. Бұл бағытта қандай жұмыс жасалауда?*

– Бүгінде кәсіпкерлік – өңір экономикасының қозғаушы күші. Кейінгі жылдары аймағымызда бизнеске қолдау айтарлықтай артып, мемлекет тарапынан түрлі жеңілдетілген несие мен гранттар қарастырылған. Сондай-ақ жаңа өндіріс орындары ашылуда.

Басты міндет – осы бағдарламалардың тиімді орындалуын бақылап, жергілікті кәсіпкерлердің нақты проблемаларын билікке жеткізу. Кейде мәселе қаржыландыруда болса, кейде инфрақұрылым, жер немесе рұқсат құжаттарына тірелетіні анық. Мұндай кедергілерді азайту – комиссия жұмысының маңызды бөлігі.

– *Депутаттың міндеті мен мақсаты сайлаушының мүддесінен туындайды. Халықпен қаншалықты еңі кездесесіз? Көбіне қандай мәселелер айтылады?*

– Тұрғындармен жиі кездесуге тырысамын. Бастауыш партия ұйымдарында, партия алаңында кездесулер мен жеке қоғамдық қабылдаулар өткізіп тұрамын. Азаматтар көбіне жұмыссыздық, әлеуметтік көмек және кәсіпкерлікпен айналысу тәңірегіндегі мәселелермен жүгінеді. Соның ішінде кәсіпкерлер көтеретін мәселе – қаржыландыру мен инфрақұрылым. Көптеген шағын кәсіп иелері бизнесін кеңейткісі келеді, алайда бастапқы капитал немесе өндірістік орынның тапшылығы қолбайлау болады. Сондықтан партия бастамасымен «Жер аманаты», «Ауыл аманаты» жобалары іске қосылып, жүйелі жұмыс жүргізілуде. Бұл жобалар кәсіпкерлердің мәселесін жергілікті деңгейде тез арада шешуге бағытталған. Мысалы, рұқсат құжаттарын алу, инженерлік желіге қосылу немесе жер телімін рәсімдеу кезінде туындайтын қиындықтар арнайы жұмыс топтарының көмегімен шешіліп келеді. Мен үшін кәсіпкерлердің ұсынысы маңызды, себебі олардың табысы – өңірдің табысы.

– *Кәсіп бастаймын деген жастар қатары көп пе?*

– Қазіргі жастар кәсіп бастауға қорықпайды. Бұл – жақсы үрдіс. Мемлекеттік бағдарламалар, «Ауыл аманаты» жобасы арқылы жастарға ұсынылған гранттар мен жеңілдетілген несиелер нәтижесін беруде. Басым көпшілігі шағын наубайхана, тігін және жиһаз цехтарын ашып, жаңа жұмыс орындарын қалыптастыруда. Қуантарлық жайт – жастардың өз ісіне сенуі. Біз өз тарапымыздан оларға бағыт беріп, кеңес айтып, мүмкіндігінше қолдау көрсетуге тырысамыз.

– *Экология тақырыбына да тоқталып өтсек. Бұл бағыттағы негізгі жұмыстар қандай?*

– Экология – біздің өмір үшін өте маңызды. Сырдария мен Арал маңының экологиялық жағдайы баршаымыздың назарымызда. Комиссия отырыстарында су үнемдеу, жасыл белдеулерді көбейту, экологиялық мәдениетті арттыру жөніндегі бастамалар қаралады. Бүгінде облыс көлемінде ағаш отырғызу, қалдықтарды сұрыптау, өндірістік экологиялық мониторинг жобалары жүзеге асуда. Табиғатты қорғау экономикалық дамумен қатар жүруі керек. Бұл – менің жеке ұстанымым.

– *Депутат – халық пен билік арасын байланыстырушы. Осы ретте өзіңіздің жасаған жұмысыңызды қаншалықты ақпараттандырып тұрасыз?*

– Қоғамда халықтың ақпаратқа деген сұранысы артты. Сондықтан депутат ретінде тұрғындарға ашық есеп беріп, әрбір атқарылған істі дер кезінде жеткізіп отыру – менің негізгі ұстанымымның бірі. Біз үнемі кездесу өткізіп, әлеуметтік желі мен бұқаралық ақпарат құралдары арқылы жұмыс нәтижесін жариялап тұрамыз. Есеп беру – жай формалдық емес, тұрғындармен тұрақты байланыс құралы. Себебі елдің үй естілген жерде ғана нақты нәтиже болады.

– *Алдағы жоспарыңызды бөліссеніз.*

– Мақсат – кәсіпкерлікті дамыту бағытындағы жұмысты одан әрі күшейту. Әсіресе ауыл кәсіпкерлеріне жағдай жасау – басты басымдық. Оларға өнімін өңдеп, нарыққа шығару жолында қолдау көрсету қажет. Сонымен қатар, экологиялық талаптарды қатаң сақтау, өндіріс саласында жаңа технологияларды енгізу мәселесін көтере береміз. Халыққа жақын болу, елмен бірге даму – мен үшін ең маңызды қағида.

– *Әңгімеңізге рахмет!*

Айсәуле ҚАПАЕВА,
«Сыр бойы»

МЕДИЦИНАЛЫҚ КӨМЕКТІҢ ҚОЛЖЕТІМДІЛІГІ БӘРІНЕН МАҢЫЗДЫ

Биыл тізбеге алғаш рет эпилепсия мен цереброваскулярлық аурулар (инсульттан кейінгі жағдай – бір жыл бойы) енгізілді. Министрліктің мәліметінше, мұндай шешім ұзақ мерзімді бақылауды және тұрақты дәрі-дәрмекпен емдеуді қажет ететін ауыр неврологиялық аурулардан зардап шегетін пациенттерге әлеуметтік қорғауды күшейтуге бағытталған.

Жоғарыда айтқанымыздай, эпилепсия әлеуметтік мәні бар аурулар тізбесіне енді. Диспансерлік науқастардың Бірыңғай тіркелімінің деректері бойынша Қазақстанда эпилепсиямен ауыратын 94 мыңға жуық пациент, оның ішінде 31 мың бала тіркелген. Жыл сайын осындай диагнозы бар пациенттер 4 млрд теңгеге жуық сомаға 14 дәрілік затпен қамтамасыз етіледі. Эпилепсияны әлеуметтік мәні бар аурулар тізбесіне енгізу пациенттерге уақытылы, тегін және білікті медициналық көмекке қол жеткізуге кепілдік береді, сондай-ақ тұрақты дәрілік сүйемелдеуді қамтамасыз етеді.

Инсульттан кейінгі пациенттерді қолдау нөлсіз маңызды? Цереброваскулярлық аурулар да (бір жыл бойы инсульттан кейінгі жағдай) әлеуметтік мәні бар аурулар тізбесіне қосылды. «Ол пациенттерді үздіксіз оңалтумен және динамикалық бақылаумен, қалпына келтірудің ең маңызды кезеңінде дәрі-дәрмекпен емдеуді қамтамасыз етуге және тамырлардың бұзылу қаупін азайтуға мүмкіндік береді. Инсульттан кейінгі алғашқы 12 ай функцияларды қалпына келтірудің және мүдектіктің алдын алудың шешуші кезеңі, сондықтан мемлекет дәл осы кезеңде кепілдіктерді күшейтеді» делінген.

Денсаулық сақтау министрлігінің дерегінше, 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап міндетті әлеуметтік медициналық

сактандыру (МӨМС) пакетіне кант диабеті, балалардың церебральды сал ауруы, дәнекер тіннің жүйелік зақымдануы, ревматизм аурулары кіреді. Министрлік бұл ретте медициналық көмектің көлемі қысқармайды, тек қаржыландыру көзі ғана өзгередінін айтады. Барлық сактандырылған пациенттер МӨМС жүйесі шеңберінде емдеуді, консультациялар мен дәрі-дәрмектерді тегін алуды жалғастыра береді. Айта кету керек, алғаш рет барлық әлеуметтік мәні бар аурулардың бастапқы диагностикасы сактандыру мәртебесіне қарамастан ТМККК шеңберінде жүргізілетін болады. Бұған дейін бұл тек АИТВ инфекциясы және туберкулезбен ауыратын пациенттерге қатысты болатын. Бұл ауруларды ерте анықтауды және емдеуді уақытылы бастауды қамтамасыз етеді, бұл – денсаулықты сақтаудың негізгі факторы. Сондай-ақ мемлекет бұрынғыдай, азаматтардың жеңілдетілген санаттарына қатысты, яғни балалар, жүкті әйелдер, зейнеткерлер, студенттер, мүгедектер, жұмыссыздар және басқалар барлық кепілдіктерді сактайды.

Денсаулық сақтау министрлігі әлеуметтік мәні бар аурулардың тізбесін жанарту көмекті қысқарту емес, қаржыландыру тетіктерін жетілдіру және ең осал пациенттер үшін кепілдіктерді күшейту екенін атап көрсетеді. Сактандыру жарналары жергілікті атқарушы органдар есбесінен төленетін азаматтардың әлеуметтік осал санаттарын (D және E санаттары) сактандыруды қаржылық қамтамасыз етуге ерекше назар аударылады.

Келер жылдан бастап әлеуметтік мәні бар аурулардың (ӨМА) жанартылған тізбесі күшіне енеді. Сонымен қатар келер жылдан бастап еліміз медициналық кепілдіктердің бірыңғай пакетіне көшеді. Созылмалы ауруы бар барлық пациент емдеуді және дәрі-дәрмектерді бұрынғы

көлемде қабылдауды жалғастырады.

Жоғарыда айтып өткеніміздей, кант диабеті мен ДЦП әлеуметтік аурулар тізімінен алынды. Бүгінде елімізде «кант диабеті» диагнозымен диспансерлік есепте 535 мыңнан астам адам, оның ішінде 5625 бала тіркелген. Олардың барлығы қажетті дәрі-дәрмектерді тегін алады.

ДӘРІ-ДӘРМЕКПЕН ҚАМТУ – БАСТЫ ҚАҒИДА

Министрлік дәрі-дәрмекпен қамту бағытында да бірқатар ауқымды жұмыс атқаруда. Мәселен, осы жылдың қазан айында өткен Үкімет отырысында Денсаулық сақтау министрі Ақмарал Әлназарова 2026 жылы дәрі-дәрмектің қолжетімділігін арттыратын жоба іске қосылатынын айтты. «Келер жылдың басынан бастап жеке дәрйхана ұйымдары арқылы амбулаториялық дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етуді орталықсыздандыру жобасын іске қосуды жоспарлап отырымыз. Жоба халық үшін дәрілік заттардың қолжетімділігін арттырып, оларға қажетті препараттарды таңдау мүмкіндігін береді» деген еді министр.

Денсаулық сақтау министрлігінің мәліметінше, дәрі-дәрмек бағасын қалыптастырудағы ашықтықты арттыру мақсатында шекті бағаларды есептеу механизмі қайта қаралды. Артық шығындар алынып тасталып, балама дәрілер бағасы түпнұсқа дәрілердің құнының 30%-на дейін төмендетілген. Тек шығыны жоғары ТОП-20 позиция бойынша ғана күтілетін үнем шамамен 12 млрд теңгені құрайды. Жалпы алғанда Тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлемі (ТМККК) және МӨМС шеңберінде шекті бағалардың төмендеуі шамамен 19%, ал көтерме және бөлшек сауда сегменттерінде 30%.

«NAQTY ONIM» ҚОСЫМШАСЫ

Денсаулық сақтау министрлігі Қазақтелекоммен бірлесіп Naqty Onim қосымшасында цифрлық сервисіті іске қосты. Онда әрбір азамат дәрі-дәрмектің шекті бағасын тексеріп, жоғары бағаларға шағымдана алады.

2024 жылдың шілдесінен бері елімізде барлық дәрі-дәрмектер міндетті таңбалаудан өтеді. Бұл пациенттерді жалған дәрі-дәрмектен қорғайды және зауыттан дәрйханаға дейін толық бақылауды қамтамасыз етеді.

Таңбалаудың арқасында тегін препараттарды заңсыз сату фактілері анықталған. Биыл 10 айда жалпы сомасы 219,7 млрд теңгеге 3 миллионнан астам пациент тегін дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етілген. Амбулаториялық дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етуді қаржыландыру 2020 жылдан бастап 2025 жылға дейін 48%-ға, яғни 115-тен 262 млрд теңгеге дейін өскен.

Министрліктің мәлімдеуінше, мемлекеттік кепілдіктер толық көлемде сакталады, яғни созылмалы аурулары бар пациенттер (кант диабеті, церебральды сал ауруы, артрит және т.б.) дәрі-дәрмекті тегін алуды жалғастыруда.

«Бірінші байлық – денсаулық» демекші, ұлт саулығы – мемлекеттің маңызды мәселесі. Осы орайда Президент жыл сайынғы Жолдауында тұрғындар саулығын сақтауға, медициналық қызметтің қолжетімділігі мен сапасын жақсартуға баса мән беріп, нақты міндеттер жүктейді. Мемлекет басшысы міндеттеген тапсырмаларды жүзеге асыруда саулық сақшыларына артылар жауапкершілік жүгі жеңіл емес.

Айнұр БАТТАЛОВА,
«Сыр бойы»

Сыр бойы

№175 (21051) 18 қараша, сейсенбі 2025 жыл

KҮЖАТ

3

[illegible]

**«2025-2027 жылдарға арналған
облыстық бюджет тура-
лы» Қызылорда облыстық
мәслихатының 2024 жылғы 9
желтоқсандағы № 130 шешіміне
өзгерістер енгізу туралы**

Қызылорда облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. «2025-2027 жылдары аталған облыстық бюджет туралы» Қызылорда облыстық мәслихатының 2024 жылғы 9 желтоқсандағы №130 шешіміне мынадай өзгерістер енгізілсін:

1-тармақ жаңа релакцияда жазылсын:

«1. 2025-2027 жылдары аталған облыстық бюджет тінісіне 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2025 жылғы мынадай көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 673 388 673,5 мың теңге; оның ішінде:

салықтық түсімдер – 63 229 547,7 мың теңге;

салықсыз емес түсімдер – 22 076 060,3 мың теңге;

негіз капиталы саудалану түсімдері – 4460,0 мың теңге;

трансферт түсімдері – 589 664 607,3 мың теңге;

2) шығындар – 673 006 046,0 мың теңге;

3) таза бюджеттік қирегітеу – 71 854 829,9 мың теңге;

бюджеттік қресіттер – 17 146 497,4 мың теңге;

бюджеттік қресіттері өтеуі – 17 846 667,5 мың теңге;

4) қаржы актіверіне операциялар бойынша сальдо – 2 855 960,9 мың теңге;

қаржы актіверінің сальдосы – 2 855 960,9 мың теңге;

мемлекеттік қаржы актіверінің саудалану түсімдері – 0;

5) бюджет тапшылығы (профицит) – –76 628 161,5 мың теңге;

6) бюджет тапшылығы қаржылауды (профицитті пайдалану) – –76 628 161,5 мың теңге;

қарыздар түсімдері – 18 782 281,0 мың теңге;

қарыздары өтеуі – 14 859 715,5 мың теңге;

7) бюджеттік қирегітеу мен қарыздары өтеуі – 2 645 572,0 мың теңге»; аталған шешімнің 1-қосымасына осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа релакцияда жазылсын.

Қызылорда облыстық мәслихатының
төрағасы

Қызылорда облыстық мәслихатының
2025 жылғы « 11 » қарашадағы № 195 шешіміне
қосымша

Қызылорда облыстық мәслихатының
2024 жылғы «9» желтоқсандағы № 130 шешіміне
1-қосымша

2025 жылға арналған облыстық бюджет

Ананың Сыныбы	Ішкі сыныбы	Атауы	Сомасы, мың теңге
		1. Кірістер	675 388 675,3
1		Салықтық түсімдер	63 294 571,7
	01	Денсау салығы	36 115 748,3
	02	Жеке тұрғыс салығы	40 165 748,3
	03	Әлеуметтік салық	25 076 975,4
		Әлеуметтік салық	25 076 975,4
05		Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге сатылатын шпкі салықтар	2 036 824,0
	3	Табиги және басқа да ресурстарды пайдалануды үшін түсімдер	1 795 505,0
	4	Қосылғырлік және қызметті жүзргізгені үшін алынатын айымдар	241 319,0
2		Салықтық емес түсімдер	22 076 060,3
01		Мемлекеттік меншіктін түсетін кірістер	1 466 546,8
	1	Мемлекеттік қасымдардың тата кіресі бөлінгін түсімдері	146 119,0
	5	Мемлекет меншігінің мүлкіт жағға берулен түсетін кірістер	100 000,0
	7	Мемлекеттік бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар	1 220 427,8
		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландыратын мемлекеттік мекемелер ұйымдарының мемлекеттік сатып алуды өткізуден түсетін акция түсімдері	9 435,0
03		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландыратын мемлекеттік мекемелер ұйымдарының мемлекеттік сатып алуды өткізуден түсетін акция түсімдері	9 435,0
	1	Мемлекеттік бюджеттен қаржыландыратын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Басшылығы бюджеттен (шығыстар сметасынан) камтылатын және қаржыландыратын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріс алулар	4 495 078,5
